



ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ –
МӨРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

2-БЕТ | ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК

3-БЕТ | СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ



«ВСЕ ВКЛЮЧЕНЫ В ОБЩИЙ ПРОЦЕСС»

6-БЕТ | СМИ



ЕЛ БІРЛІГІН ЖЫРЛАДЫ

8-БЕТ | ТЫНЫС

Altyn Qala

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ



ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Кеше Көкшетау қаласында Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтіп, осы саланың топ жарып шыққан үздіктері марапатталды. Мерекелік іс-шараға облыс әкімі Марат Ахметжанов қатысты. Өңір басшысы журналистер мен медиа саласы мамандарының ерен еңбегін жоғары бағалады.

2



ҚҰТТЫҚТАУ!

ҚҰРМЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР,
ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мемлекеттік қызметшілер күні және Қазақстан полициясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Мемлекеттік қызметшілер Сіздердің қызметтеріңіз – ел мен қоғам арасындағы сенім көпірі. Күнделікті жұмыстарыңызда жоғары жауапкершілік пен адалдық танытып, халықтың мүддесі үшін еңбек етесіздер. Бұл – үлкен құрметке лайық іс.

Полиция қызметкерлері – Сіздер қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін сақтау жолында күн сайын батылдық пен жанқиярлық көрсетіп келесіздер. Бұл – ерекше құрмет пен алғысқа лайық қызмет.

Сіздерге зор денсаулық, қажырлы еңбек, берік рух және халықтың құрметін тілеймін. Әр күніңіз жарқын нәтижелер мен жаңа мүмкіндіктерге толы болсын!

Ізгі тілекпен, Степногорск қаласының әкімі Гайдар Қабдоллаұлы

УВАЖАЕМЫЕ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ
СЛУЖАЩИЕ И СОТРУДНИКИ ПОЛИЦИИ!

Искренне поздравляю вас с профессиональными праздниками – Днём государственного служащего и Днём полиции Казахстана!

Государственные служащие, ваша работа – это мост доверия между государством и обществом. В своей повседневной деятельности вы проявляете высокую ответственность и преданность делу, трудитесь во благо народа. Это – дело, достойное глубокого уважения.

Сотрудники полиции, вы ежедневно проявляете мужество и самоотверженность в деле обеспечения общественного порядка и безопасности граждан. Это – служба, заслуживающая особой благодарности и признательности.

Желаю вам крепкого здоровья, плодотворного труда, стойкого духа и искреннего уважения со стороны народа. Пусть каждый ваш день будет наполнен яркими достижениями и новыми возможностями!

С уважением, аким города
Степногорска
Гайдар Кабдуллаевич

ОҚУ ОЗАТТАРЫНА – ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ҚҰРМЕТІ

2024–2025 оқу жылының қорытындысы Степногорск қаласы үшін тағы бір жағымды жаңалықпен түйінделді. Білім додасында озық нәтиже көрсетіп, «Алтын белгі» иегері атанған және түрлі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларда үздік шыққан оқушылар қала әкімінің құрметіне ие болды.

2



ТҮРҒЫНДАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ КӨТЕРДІ

2025 жылғы 21 маусым күні Степногорск қаласының 10-шағын ауданында орналасқан №19 және №21 тұрғын үйлердің пәтер иелерінің жалпы жиналысы өтті. Шара осы үйлердің ауласында ашық форматта ұйымдастырылып, оған меншік иелерімен бірге жергілікті атқарушы орган өкілдері де қатысты.

2



МАРАПАТ

АНАҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ – МӘҢГІЛІК

Степногорск қаласында көпбалалы анаға мемлекет тарапынан жоғары құрмет көрсетілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 30 мамырдағы №894 Жарлығына сәйкес, алты бала тәрбиелеп өсірген Шынар Аманбай«Күміс алқа» белгісімен марапатталды. Бұл – аналық мейірім мен жауапкершілікке берілген лайықты баға.



Мемлекеттік награда қала әкімдігі тарапынан салтанатты жағдайда табысталып, ресми өкілдер көпбалалы ананың қоғамдағы рөлін айрықша атап өтті. Шара барысында марапат иесіне гүл шоқтары ұсынылып, ізгі тілектер білдірілді. «Күміс алқа» – Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы, ол көпбалалы аналарға беріледі. Бұл марапат – ана еңбегінің ескерусіз қалмайтынының, ел дамуына қосқан үлесінің бағаланатынының нақты дәлелі. Бүгінде ел ішінде алтын құрсақты аналарды қолдау – отбасы институтын нығайтудың маңызды бір бағытына

айналған.

Шынар Аманбай секілді аналар – жас ұрпақты тәрбиелеу арқылы ел болашағына сүбелі үлес қосып отырған жандар. Мұндай марапаттар – аналарды ынталандырып қана қоймай, жастардың отбасылық құндылықтарға деген көзқарасын да қалыптастыруға әсер етеді.

Бұл марапат – тек бір ананың емес, ұрпақ тәрбиелеу жолында аянбай еңбек етіп жүрген барлық аналардың еңбегіне көрсетілген құрмет. Бүгінгі қоғамда ананың орны ерекше, ал оған деген құрмет – ұлттың келешегіне жасалған инвестиция.

ҚҰРМЕТ

ХАЛЫҚ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ – МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫНДА ПОЛИЦИЯ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

23 маусым күні Степногорск қаласының әкімдігінде Полиция қызметкерлері және Мемлекеттік қызметшілер күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға Степногорск қаласы әкімінің міндетін атқарушы Фархат Байқасов, әкімінің орынбасары Жанасыл Сабырұлы, мәслихат төрағасы Олжас Аманжолұлы қатысып, қоғам тыныштығы мен мемлекеттік басқару саласына өлшеусіз үлес қосып жүрген жандарды кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Іс-шара барысында бірқатар мемлекеттік қызметшілер мен ішкі істер органдары ардагерлері «Мемлекеттік қызмет ардагері» төсбелгісімен, Ақмола облысы әкімінің Алғыс хатымен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақмола облысы департаменті басшы-

сының Алғыс хатымен және Степногорск қаласы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Полиция ардагерлерінің еңбегі де лайықты бағаланды. Бірқатар құқық қорғаушыларға «Ардагерлер қоғамына қосқан үлесі үшін» медалі табыс етілді. Сонымен қатар, ішкі істер органдарының ардагерлері мен қызметкерлеріне алғыс хаттар табысталды.

Ресми марапаттау рәсімінен кейін мерекелік концерт ұйымдастырылып, қала өнерпаздары патриоттық әндер мен күй-шашуларын тарту етті. Мемлекет пен қоғам игілігі үшін қызмет ету – әрбір қызметкер үшін үлкен жауапкершілік. Осы орайда марапат иелеріне шынайы алғысымызды білдіре отырып, еңбектеріңізге жеміс, өмірлеріңізге амандық пен табыс тілейміз!

БІІК БЕЛЕС

ОҚУ ОЗАТТАРЫНА – ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ҚҰРМЕТІ

(Басы 1-бетте)

Мектепті үздік аяқтаған түлектер қала әкімі Гайдар Қабдоллаұлымен кездесіп, естелік суретке түсті. Жылы жүздесу барысында қала басшысы оқушылардың жетістігін ерекше атап өтіп, білім жолындағы талпыныстарына табыс тіледі. Бұл шара – дарынды жастарға көрсетілген құрмет қана емес, өскелең ұрпаққа білімнің маңызын дәріптейтін тағылымды дәстүр. Ел ертеңі саналатын жастардың бүгінгі табысы – болашақтың жарқын кепілі екені сөзсіз.

Қала әкімдігі тарапынан ұйымдастырылған бұл кездесудің мақсаты – оқу озаттарын қолдап, олардың жетістігін ел алдында бағалау. Сонымен қатар мұндай бастамалар өскелең буынға мотивация беріп, басқа оқушыларға да үлгі бола алады. Түлектердің бұл жетістігі – тек жеке еңбектің жемісі ғана

емес, сондай-ақ ұстаздар мен ата-аналардың жанкешті еңбегінің нәтижесі. Мектеп қабырғасындағы он бір жыл – білім мен тәрбие, шыдам мен табандылықтың мектебі. Осы жылдары алған білім – олардың келешек кәсіби жолындағы берік іргетас болмақ.

Степногорск қаласының білім саласы жылдан-жылға даму үстінде. Бұл жолғы оқу жылын да шәкірттер жоғары көрсеткішпен аяқтап, облыстық, республикалық деңгейдегі түрлі сайыстарда топ жарды. Олар – өңірдің зияткерлік әлеуетін арттырып отырған жас буын өкілдері.

Озат оқушылардың жарқын болашағы – Степногорск өңірінің әлеуеті мен болашағына деген сенімді нығайта түседі. Қаланың білім беру саласына жасаған қолдауы мен тұрақты назар – келешек көшбасшылардың қалыптасуына берілген үлкен мүмкіндік.

ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

БӨРЕКЕЛДІ!

(Басы 1-бетте)

Марат Мұратұлы: «Бүгін ерекше күн. Біздің атқарған жұмысымызды елеп-екшеп, тереңінен талдап, зерттеп, халыққа ауқымын кең етіп жеткізер дәнекер болған журналистер мен медиа саласы мамандарының еңбегі ерен. Бүгінгі күні аймақтық журналистика кәсіби биік деңгейге жетті деп нық сеніммен айтуға болады. Шығармашылық шыңнан көрініп, абырой биігіне жете беріңіздер!» деп журналистерге жылы лебізін білдірді. Ол рухани құндылықтарды дәріптеп, мәдениетті өрістетуге, ел ішіндегі оң өзгерістерді жұртшылыққа дер кезінде жеткізуді мақсат еткен журналистердің еңбегінің маңыздылығын атап өтті.

Салтанатты шара барысында облыс басшысы бірқатар медиа мамандарын төсбелгілермен және алғыс хаттармен марапаттады. Отандық бұқаралық ақпарат құралдары саласында 40 жылдан астам уақыт табанды еңбек етіп, ақпарат кеңістігінің дамуына үлес қосқан, сондай-ақ өз кәсібінде жоғары нәтижелерге қол жеткізген, ұзақ жылғы адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін облыстық «Арқа ажары» газетінің бет қаттаушысы Жұмабике Зейнолқызына «Еңбек ардагері» медалі табыс етілді.

Ал еліміздегі бейбітшілік пен рухани келісімді нығайтуға, халықтың бай мәдени мұрасын сақтау мен дәріптеуге сүбелі үлес қосқаны үшін белгілі журналист, публи-

цист, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Ақмола – Тіршілік» ЖШС-нің директоры Жабал Ерғалиұлы «Халықтар достығы» арнайы орденіне лайықты деп танылды. «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен «Қазақстан» РТРК» АҚ Ақмола облыстық филиалының редакторы Мақпал Еслямқызы мен Атбасар ауданының «Простор Атбасар» газетінің бас редакторы Елена Вергун марапатталды. Ақмола облысының дамуы мен өркендеуіне қосқан еңбегі мен мінсіз қызметі үшін Қосшы қаласы әкімінің кеңесші-баспасөз хатшысы Ардақ Зұлқажапқызы Ақмола облысы әкімінің Алғыс хатын алды.

Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Арқа төрі – Ақмола» атты он номинациядан тұратын байқау биыл 16-шы рет ұйымдастырылып, облыс әкімінің сыйлықақысы табысталды. Комиссия шешімімен 10 номинация бойынша жеңімпаздар анықталды. Облыс әкімінің 200 мың теңге көлеміндегі ынталандыру сыйлығы Степногорск қаласынан шығатын «AltynQala» әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетіне табысталды.

Марапатталған әріптестерімізді төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Ақпарат кеңістігінің дамуына қосқан үлестеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңіз үшін алғыс білдіреміз!

Өз тілшімізден



АШЫҚ ДИАЛОГ

ТҰРҒЫНДАР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ КӨТЕРДІ

(Басы 1-бетте)

Кездесудің басты мақсаты – тұрғын үйлердің техникалық жай-күйіне қатысты туындаған мәселелерді талқылап, алдағы жөндеу жұмыстары жөнінде нақты жоспар құру болатын. Жиналыс барысында тұрғындар өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын тікелей жеткізіп, нақты жауаптар ала алды. Атап айтқанда, пәтер иелері үйлердің ағымдағы техникалық жағдайына алаңдаушылық білдіріп, шатыр, кіреберіс, жөртөле және аулалық аумақтар бойынша жөндеу қажеттігін алға тартты. Сонымен қатар көпқабатты тұрғын үйлердің маңындағы инфрақұрылымды жаңарту, жарықтандыру, көгалдандыру және балалар алаңын қайта жабдықтау секілді бірқатар ұсыныстар айтылды.

Әкімдік өкілдері тарапынан әрбір мәселе бойынша егжей-тегжейлі түсініктемелер беріліп, кейбірі бойынша нақты мерзімдер мен қаржыландыру тетіктері түсіндірілді. Белгілі бір жұмыстарды жүргізу үшін тұрғындар тарапынан келісім және меншік иелерінің ортақ шешімі қажет

екендігі де атап өтілді. Басқосу нәтижесінде тұрғын үйлерді күрделі және ағымдағы жөндеу бойынша кезең-кезеңімен атқарылатын жұмыстардың жоспары жасалды. Қатысушылар бірлесе әрекет етудің және жергілікті билікпен тұрақты байланыста болудың маңыздылығын атап өтті.

Жергілікті билік пен тұрғындар арасындағы осындай ашық кездесулер – нақты мәселелерді тиімді шешуге бағытталған пәрменді құрал. Бұл өз кезегінде тұрғындардың белсенділігін арттырып, ортақ жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады.

Өз ауласындағы, үйіндегі жағдайға бейжай қарамай, пікір білдіріп, ұсыныс айтқан барлық тұрғындарға алғыс білдірілді. Бұл – қала тіршілігіне шынайы жанашырлықтың және азаматтық жауапкершіліктің жарқын көрінісі.



Айқарма бетті дайындаған
Ербол Аязхан
+7 705 126 84 66
t.me/aiia_zhan_11
erbol.ayazhan@icloud.com

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

«Журналистің жегені жантақ, арқалағаны алтын», деп кезінде Шерхан Мұртаза айтып өткендей, бұл саланың ауыртпалығы мен жауапкершілігі орасан зор. Дегенмен осы қиындықтарға қарамастан, журналистика майданында қажырлы еңбек етіп, айтулы жетістіктерге жеткен майталман тұлғалар баршылық. Бүгінгі сұхбатымыздың кейіпкері – 1962 жылдың 6 тамызында дүниеге келген, «Ақпарат саласының үздігі» және «Қазақстан Республикасының қоғам қайраткері» атақтарының иегері, сондай-ақ 2000 жылы Ташкентте БҰҰ өткізген халықаралық журналистер байқауының жүлдегері Полатбек Тыллабайұлы Жанбаев. Оның журналистикадағы ұзақ жолы, кездескен қиындықтары мен жеткен жетістіктері, сонымен қатар саланың бүгінгі жай-күйі туралы ойлары біз үшін өте маңызды.



ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК



– Туған жер, өскен орта, отбасыңыз туралы кеңірек айтсаңыз...

– Туған жерім Тауелібай деп аталады. Бұл бұрын Қызылорда облысына қараған аймақ. КСРО кезінде, Хрущевтің заманында Өзбекстан еліне өтіп кеткен. Әйтеке би бабамыз жатқан Нұрата, Тамды, Үшқұдық ауданы соған қарайды. Алтын өндіретін Зарафшан деген шаһарымыз бар. Қызылқұм шөлінде қаракөл қой шаруашылығы өркен жайған. Әкем соғыс ардагері. Өмір бойы жылқы мен түйе бағып өтті. Жапандағы жалғыз үйде өскенмін. Киіз үйден өзге үй көрмедім десем сенесіздер ме? Жасым алтыға келгенде ғана қабырғасы бар үйдің болатынын көрдім. Қыста да осы киіз үйде тұрушы едік. Тону дегенді білмегенмін. Отбасында алты бала болдық. Бәріміз де 150 шақырым қашықта орналасқан аудан орталығындағы мектеп-интернатта жатып оқыдық. Үйдің таба нанын сағынатынбыз. Өсе келе, өзім де әкеме көмекші болып түйе бақтым. Әскерден келген соң Тамды аудандық газетіне жұмысқа кірдім. Мектеп жасынан өлең, мақала жазатынмын. Содан соң жазу мен сызуға, өнерге жақындай түстім. Отбасындағы кенже баламын. Мен үйленемін дегенше әке-шешем қартайып қалды. Біздің кезімізде жоғары оқу орнына түсу өте қиын болды. Біздің ауданда тек қазақтар тұрды. Өзбек, орыс деген ұлт жоқ. Алда-жалда келгендер болса өзімізге сіңісіп, қазақ болып кетеді. 1974 жылы Бауыржан Момышұлы атамыз барғанда нағыз қазақтар осында тұрады екен деп кәдімгідей таңырқап кеткен. Шәмші Қалдаяқовтың өзі «Тамды аруы» деген әнді жазып, тарихта қалды. 1987 жылы отбасын құрдым. Жолдасым – Хожаназарова Қалдыгүл Көшекқызы ұлағатты ұстаз. Үш баламыз бар. Бәрі үйлі-жайлы болып кетті. Екі ұлым – Манас пен Нұрсұлтан заңгер, қызым – Қарашаш мұғалім. 2005 жылы осы Степногорск қала-

сына көшіп келгенбіз. Өзімнен үлкен Шойынбек деген ағам ертерек келіп, бізді осында шақырды. Қазір немере сүйіп, зейнет жасына да жақындап қалдық.

– Қалам тербеп, шалқар шабыт іздейтін журналистика әлеміне қалай келдіңіз?

– Мектеп жасынан өлең жазғанмын. 23 жасымда орта біліммен Тамды аудандық «Социалистік шаруашылық» газетіне тілші болып қабылдандым. Ол партияның органы. Қайыппазар Шотбасов деген редактор маған сенім артып, жұмысқа алды. Қиналсам да ағаның сенімін ақтауға тырыстым. Үйленген соң Алматыдағы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түстім. Малды ауылдарға жолсаларға барғанда қиналатынмын. Совхоз директорлары елей бермейді. Сыни мақалалар жазған соң барып, мені тілші ретінде қабылдай бастады. Партия органын сынаған соң, оған басшылар жауап беретін еді. Сол үшін қырағылықпен жұмыс істедім. Мен өзім ән айтуды ұнататынмын. Өлең жазу екінші өнерім болған. Барлық музыкалық аспаптарда ойнаймын. Шойынбек ағам журналистикаға баруың керек деп жол көрсетті. Осы бағытым адастырмады.

– Журналистика – шындық пен әділдіктің жаршысы, қоғамның айнасы. Осы жолда мықты журналист болу қандай қасиетті талап етеді?

– Мықты журналист болу – зор абырой. Мен 23 жасымнан журналистикаға келген соң үлкендер маған таңырқап қарайтын. Іштей масаттансам да сыр бермегенмін. Әділін жазамын деп таныстар мен жақындарымнан шет қалған кездерім болды. Фельетон жазуды ұнатқанмын. Редактордың тапсармаларын орындап, редакцияға келген хаттардың іздеушісі болдым.

Мен үнемі күлімдеп тұратынмын. Осы мінеміз таяқ болып тиді өзіме. Әділдік іздеген кісілер күлгеніме қатты ұрысып тастайтын. Сосын өзім де қаталданып алдым. Біреудің обалына қалмау үшін әділдік пен турашылдықты жақтадым. Ол кезде журналист келе жатыр десе, барлық адам сескене қарайтын еді. Аудан басшыларымен жиналыстарда қатар тұрдық. Мекеме, кәсіпорын басшылары бізден қаймығатын. Кемшіліксіз іс болмайды ғой. Соны жазады деп алдымыздан шығады. Мен өзім Ташкенттен шығатын «Нұрлы жол» атты республикалық газетте де қосымша жұмыс істедім. Президент аппараты мен министрліктің органы болатын. Абыройым арта түсті. Бірақ оңай олжа іздеп кетпедім. Басшылар сыйлыққа көміп, ілтипат, сыйластық білдіргендей болады. Осыған сын көзбен қарадым. Тек таза еңбегімді алдым. Журналист болудың қандай болатынын университетте Тауман Амандосов, Әбілфайыз Ыдырысов, Намазалы Омашев, Бауыржан Жақыпов сияқты ұстаздарымыз үйреткен еді. Сол жолдан ауытқымадым. Қоғамдық көліктерде тегін жүрдік. Талайымен айтыстық, қажыдық. Бірақ сынбадық. Үйіме келіп ұрып кетеді ме деп қауіптеніп жататын кездерім болды, тіпті.

зия да ауыр тақырып екен. Соны да меңгердім. Очерк жазуды ұстазым Совет Жамағараевтан үйрендім. Мен үшін жазылуы қиын тақырып қалмады. Сценарий жазу қиын екен. Ауыл сахнасына шығармалар жазу керек болғанда, оған да мәжбүрлі кіріскенім жақсы болды. Осы күні рецензияны да меңгеріп алдым. Енді көп жылдық тәжірибе кісіні шыңдайды екен. Түрлі кәсіп сырын білуіме тура келді. Шопанды жазу үшін мал бағуың керек, механизаторды жазу үшін қозғалтқыштың қызметін білесің. Мұғалімді жазу үшін бала оқытуың керек. Осының бәрінің үдесінен шығып алдым. Кейде қолды бір сілтеп кетіп қалғың келеді. Редакция тапсырмалары шаш-етектен келіп жатады. Осы күні де жоғарыдан қосымша ақпараттар сұрап, газетті қайта ақтаратын кездеріміз болып қалады. Бәріне сабырмен қарап, түсіністік танытамыз. «Өзің илеген терінің пұшпағынан айрылмауың керек» деген ұстаным бар.

– Сіз ақпаратты жылдам, сапалы жеткізудің бірнеше кезеңін бастан өткердіңіз. Қазіргі журналистикаға не жетіспейді?

– Қазір ғаламторды еміп жатырмыз. Бір хабар табылса, соны ға-

налист деген «Аттың жалында, түйенің қомында» жүретін кәсіп иесі ғой. Меніңше, журналистік зерттеу мәселесі бізде ақсап тұрған сияқты.

– Мерекеде тыным таппай жұмыс істейтін мамандықтың тізгінінде жүрміз. Осындайда отбасы мен кәсіби міндетіңізді қалай ұштастырып үлгересіз?

– Журналист – бүкіл жараның аузында жүретін кәсіп иесі. Жұрт демалыста тынықса, журналист жұмыс істейді. Жүріп бара жатып, мақала жазуға болады. Ұйықтап жатып, жоспар түзесіз. Түсінде де жұмыста болып қаласың. Осының бәрі кәсіпке деген махаббаттан туындаған дүниелер. Отбасымызға қарауға мұрша болмай жатады. Баяғы партия кезінде, тіптен қиын еді. Әріптер қорғасынмен теріледі. Интернет жоқ. Қаламмен жазып, оныңды полиграфтар бетке салады. Суретің басқа әлем, оны жасату үшін бір ай уақыт кетеді. Сөйтіп жүріп, мақаланың құны жоғалады. Журналистің өмірлік жолдасы мықты болуы керек. Қыз бала үшін журналистика қиынның қиыны. Ер балалар әйтеуір уақытын осыған арнап үй көрмейді ғой. Сонда да жаман болған жоқпыз.

– Осы салада білім алып, журналист болғысы келетін жастарға айтар ағалық кеңесіңіз бар ма?

– Жалқау адам журналист бола алмайды. Диплом алғанмен журналист болу қиын. Ұйықтамаймын, ойын қумаймын десең, журналист бол. Әбден төселіп алмайынша, жақсы журналист болу қиын. Көп оқу, көп білу керек. Білімі таяз кісі журналист бола алмайды. Әмбебап болғанда ғана арманыңа жетесің.

– Жылына бір мәрте ықылас пен құрметке бөленетініміз бар. Осы мерекеге орай әріптестеріңізге айтар тілегіңіз болса...

– Қазақ журналистикасын әлі де биікке көтеріуіміз керек. Бәсекеге қабілетті болу парыз. «Қазір жұрт газет оқымайды» деген сөзге қарсы еңбек етейік. Жұрттың бәрі блогер болып алған. Журналистиканы оқымағандарды саладан аластату керек. Мереке құтты болсын, әріптестер! Дендеріңізге саулық, бастарыңызға амандық, асқақ абырой, шалқар шабыт тілеймін!

– Ашық әңгімеңізге рақмет! Еңбегіңіз еленіп, тек биіктен көріңіз!



Сұхбаттасқан: Гүлназ Бисен,
Бас редактордың орынбасары
+7 707 761 79 17
t.me/bisen_gulnaz
gulim-2008@mail.ru

БАЙҚАУ

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет-ресурстарда мемлекеттік тілдің насихатын арттыруға бағытталған «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын жариялады. Байқау мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын ақпарат кеңістігінде жан-жақты насихаттау, қоғам назарын мемлекеттік тілдің өзекті мәселелеріне аудару, сондай-ақ қазақтілді контентті арттыру.

**1. Жалпы ережелер**

1. «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Байқауға қатысу және жеңімпазды, жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты – мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау жұмыстарын жандандыру.

Байқау өткізудің міндеттері:

1) мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару;

2) бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мемлекеттік тілдің өзекті мәселелеріне арналған мақалалар, теле-, радиобағдарламалар арқылы жұртшылықтың санасын жаңғырту;

3) қазақ тіліндегі контентті арттыру және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

3. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет).

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына

орналастырылады.

5. Байқауға қатысу үшін Ереженің 9-тармағында көрсетілген екі номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерлеген) baqkonkurs@gmail.com электронды поштасына «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына» деген белгімен 2025 жылғы 1 шілде сағат 24.00-ге дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

1) осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім;

2) 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2025 жылғы 1 шілдеге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басылымы, теле-, радиоарна, интернет-басылым) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар (2 мақала), теле-, радиобағдарламалар (1 бағдарлама);

3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электронды нұсқалары, скриншоттары (мерзімді баспасөз басылымы, интернет-басылым, интернет-ресурстар), теле-, радиобағдарламалардың жазбасы.

6. Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін Байқауға қатысу үшін ұсынылған өтінім қабылданбайды.

7. Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

8. Байқау материалдарын бағалау өлшемшарттары:

1) тақырыпқа сәйкестік;

2) қамтылған ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы;

3) мәселені талдау тереңдігі;

4) материалды жеткізу шеберлігі.

9. Байқау екі номинациядан тұрады:

1) «Үздік мақала»;

2) «Үздік теле/ радиобағдарлама».

10. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.

Қазылар алқасы құрамына кемінде бес адамнан тұратын тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандары, ғалымдар кіреді.

11. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы Байқаудың екі номинациясы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

12. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

13. Байқауға кәсіби журналистер, телевизия және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ осы Ереженің талаптарына сәйкес мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жариялаған Қазақстан Республикасының басқа да азаматтары қатыса алады.

14. Байқауға соңғы 3 жылда бас жүлде және бірінші орын алған

жеңімпаздар қатыстырылмайды.

15. Байқауға қатысушылардан отандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейту жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Материалдарда қазақ тілінің қолданысын кеңейтудің тиімді жолдары көрсетілуі тиіс.

16. Үміткерлердің Байқауға ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктіліктерін, мультимедиялық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, мемлекеттік тілді дамытудың заманауи моделін көпшілікке аша алуы қажет. Материалдарды бағалау барысында авторлардың заманауи біліктіліктері, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де ескеріледі.

17. Байқауға қатысушы коммуникативтік ресурстарды орынды қолданып, заманауи медиатехнологияларды дәстүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы қазақ тілінің қызметі, даму жолдары мен тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде

баяндауы қажет.

18. Байқауға қатысушылардың қазақтілді контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі ескеріледі. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі.

4. Байқау қорытындысы туралы

19. Байқау жеңімпазы мен жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және жоспарланған жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.

20. Байқаудың жеңімпазы мен жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау аяқталғаннан кейінгі 3 жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитетінің интернет-ресурсына орналастырылады.

Байланыс телефондары: (87172) 74-01-35, 74-09-85.

Ескерту: Байқауға қатысқысы келетіндер 2025 жылғы 1 шілде сағат 24.00-ге дейін барлық қажетті құжаттарды baqkonkurs@gmail.com электронды поштасына жолдауы тиіс. Қосымша ақпаратты (87172) 74-01-35, 74-09-85 нөмірлері арқылы білуге болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ҚҰРМЕТТІ АҚМОЛАЛЫҚТАР!

«АМАНАТ» партиясы Ақмола облыстық филиалының ұйымдастыруымен биылғы жылдың 16 маусымы мен 16 тамыз аралығында АЙМАҚТЫҚ шығармашылық байқауы өтеді.



Байқау:
«Поэзия»
«Проза»
«Балаларға арналған шығарма» номинацияларынан тұрады.

* Байқауға 18-ден 45 жасқа дейінгі автор/авторлар қатысуға құқылы.
* Бір автор/авторлар тобы бір номинацияға қатыса алады.

* Байқауға қазақ тіліндегі жұмыстар ғана қабылданады.

* Байқауға ұсынылатын жұмыстардың тақырыбына шектеу қойылмайды.

* Байқауға бұрын-соңды жарияланған шығарма қабылданбайды. Шығармалар бүркеншік атпен партияның аймақтық филиалының m.koken@amanatparty.kz электронды мекенжайына жолданады.

Толығырақ 8-7162-402230 немесе 8 705 550 9855 (Майжан Көкен) телефоны арқылы білуге болады.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖЫЛУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

Ақмола облысының әкімінің бірінші орынбасары Елдос Рамазанов Степногорск қаласының 2025–2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындығын өз көзімен көріп, жұмыстардың сапасын бақылады.

Қаланы қысқа дайындау төрт негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылуда:

1. Жылу электр орталығын (ЖЭО) жаңғырту. ЖЭО — Степногорск жылу жүйесінің жүрегі. Биыл оны жөндеуге және жаңғыртуға кәсіпорынның өз қаржысы есебінен шамамен 7,4 миллиард теңге бөлінген. Жөндеу жұмыстарына қазандық агрегаттарын, газ құбырларын және негізгі мұржаны күрделі жөндеу кіреді. Нәтижесінде жылу жоғалту азайып, тұрғын үйлерге жылу тұрақты жеткізіледі.

2. Магистралдық жылу желілерін ауыстыру. Қазіргі уақытта 500 мм диаметрлі, 12,5 км ұзындықтағы жылу трассасының бір құбырын бөлшектеу және қайта құрастыру жұмыстары жүріп жатыр. Бұл желілер арқылы ыстық су тарату жүйелеріне, одан әрі тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға жеткізіледі.

3. Тарату желілерін жаңарту.

Көпқабатты тұрғын үйлердің жергілікті жеріндегі және жылу қалаларындағы тарату желілеріне ерекше көңіл бөлінуде. Бұл жұмыстарға қалалық бюджеттен 210 миллион теңге қарастырылған. Жұмыстарды «Степногорск Теплотранзит» ЖШС үйлестіріп, техникалық қадағалауды жүзеге асыруда.

4. Ішкі қалалық желілерді күрделі жөндеу. «Степногорск Теплотранзит» инвестициялық бағдарламасы аясында ұзындығы 2,6 км ішкі кварталдық желілер жөндеуде. Бұл желілер қысқа болғанымен, жылудың нақты шағын аудандарға жету сапасына тікелей әсер етеді. Жөндеу жұмыстары құбырлардың техникалық жағдайына және учаскенің маңыздылығына байланысты кезең-кезеңімен жүргізілуде.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Елдос Рамазанов негізгі нысандарды аралап, мердігер ұйымдармен, «Степногорск Теплотранзит»

мамандарымен және жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен кездесті. Инспекция барысында ол жұмыстардың мерзімінде әрі сапалы орындалуы аса маңызды екенін атап өтті.

– Тұрақты жылумен қамту — бұл тек техникалық емес, қауіпсіздік пен халықтың сенімі тұрғысынан өте маңызды мәселе. Қыста ауа райы қатты, сондықтан жүйе кез келген жүктемеге төтеп беруі тиіс, – деді Елдос Рамазанов.

Бүгінгі таңда жылыту маусымына дайындықтың сапасы Степногорск тұрғындарының өмір сүру жағдайына тікелей әсер етеді. Мектептер, балабақшалар, ауруханалар мен тұрғын үйлердің жылуы — бұл өмірдің негізгі стандарттарының бірі. Жергілікті билік дайындығы белгіленген кесте бойынша жүріп жатқанын және барлық жұмыстар бақылауда екенін айтады.

Климаттың өзгеруі мен инфрақұрылымға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты жылумен қамтуға салынған мұндай инвестициялар — тек қажеттілік қана емес, ұзақмерзімді стратегия.

Өз тілшімізден

ВЕРНОСТЬ ДЕЛУ И ВЫБОР СЕРДЦЕМ

ПУТЬ К ПРОФЕССИИ, СТАВШЕЙ ДЕЛОМ ЖИЗНИ

ЛЮДИ ДЕЛА

За каждым уверенным специалистом – история пути, где было место и поиску, и росту, и выбору сердцем. Ксения Яковенко нашла себя в государственной службе. Сегодня она не просто работает, а служит обществу – с достоинством, теплом и полной самоотдачей. Её путь – пример того, как настойчивость, верность профессии и внутренний стержень превращают дело в призвание. И именно об этом – наша сегодняшняя история.

Путь Ксении Анатольевны в профессию начинался с осознанного выбора, с юношеской мечты, подкреплённой настойчивостью и упорным трудом. В 2019 году она окончила Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина в городе Астана по специальности «Ветеринарная санитария». Пять лет учёбы, глубоко погружения в науку и практику подкреплялись желанием работать по профессии и приносить реальную пользу в сфере, где здоровье животных напрямую связано с безопасностью людей.

Вернувшись в родной Степногорск, она сначала попробовала себя в другой сфере, но не теряла стремления реализоваться в профессии, к которой шла несколько лет. Проявив настойчивость, обратилась в Центр занятости населения и вскоре получила направление на стажировку в рамках программы «Молодёжная практика». Так началось её знакомство с государственной службой – в стенах территориальной инспекции. Этот этап стал поворотным: пришло ощущение перспективы, осознание, что здесь можно расти и быть полезной. С этого момента наша героиня целенаправленно готовилась к прохождению вступительного тестирования. В ноябре 2019 года уже официально заняла должность главного специалиста.

С первых дней в новом коллективе Ксения почувствовала поддержку и внимание коллег. Доброжелательная атмосфера, желание помочь, наставничество старших сотрудников стали для неё опорой.

И она ответила взаимностью – ответственностью, точностью в делах, желанием вникнуть в каждый вопрос и довести начатое до конца.

– Быть частью слаженного коллектива – большое счастье. Когда рядом с тобой – люди, которые готовы делиться опытом, подставить плечо, вовремя подсказать и направить, ты становишься сильнее. Именно в таких условиях возникает настоящая командная работа, а значит – появляется пространство для роста и уверенности в завтрашнем дне, – с теплотой говорит Ксения Яковенко.

Руководство ценит её как ответственного, надёжного сотрудника, которому можно доверить самые важные и точные задачи. К ней относятся как к специалисту, на которого всегда можно положиться – в делах, требующих внимательности, дисциплины и самостоятельности. О трудолюбии Ксении Анатольевны с теплотой отзываются и коллеги.

– Работать с ней легко и спокойно. Она всегда вникает в суть, ничего не делает «наспех». За ней – уверенность и профессиональный подход. В коллективе такие сотрудники особенно ценны, – руководитель инспекции Еркен Доманов.

Работа государственного ветеринарного инспектора требует не только профессиональных знаний, но и глубокого осознания значения своей деятельности. Речь идёт не о формальной должности, а о подлинном служении обществу. На плечах специалистов лежит ответственность за ветеринарно-санитарную безопасность, профилактику и ликвидацию инфекционных

заболеваний животных, контроль за соблюдением санитарных требований – всё ради защиты здоровья населения. Каждое принятое решение, составленный отчёт или выезд на место становится важным звеном в общей системе, от которой зависит благополучие целого региона.

– На государственной службе нельзя быть равнодушным. Работа не сводится к простому заполнению бумаг – за каждым действием стоит забота о здоровье и безопасности людей. Здесь не бывает мелочей: каждое движение должно быть выверено, каждое слово – точным, каждое решение – продуманным. И важно быть готовым отвечать за каждый шаг. Да, бывает непросто. Но именно осознание значимости своего труда придаёт силу, – говорит Ксения Яковенко.

Она подчёркивает: государственная служба требует от человека высокого уровня дисциплины, умения работать в команде, строго следовать законам и этическим нормам. Именно это формирует внутреннюю культуру служащего и его подход к работе.

Несмотря на насыщенные рабочие будни, высокую ответственность и необходимость обрабатывать большой объём информации, Ксения сохраняет душевное равновесие и внутреннюю мотивацию. Её поддерживает самое личное – любовь к дочери, которая вдохновляет стремиться к лучшему каждый день.

– Моя дочь – мой главный мотиватор, мой внутренний свет. Когда устаю или сталкиваюсь с



Фото предоставлено автором публикации

трудностями, именно мысль о ней помогает сохранить настрой и не сбиваться с пути. Хочу воспитать её достойной, уверенной в себе личностью, которая знает цену добру, труду и уважению. Всё, что я делаю сегодня, я делаю ради её будущего, – говорит Ксения с теплотой.

В преддверии профессионального праздника Ксения Анатольевна с глубоким уважением обращается к коллегам, которые, как и она, ежедневно вносят свой вклад в благополучие страны.

– В День государственного служащего в Казахстане хочется пожелать всем коллегам крепкого здоровья, профессиональных успехов и уверенного роста. Пусть ваш труд будет по достоинству оценён и принесит реальную пользу обществу.

А тем, кто только начинает свой путь, хочу сказать: не бойтесь учиться, задавать вопросы, ошибаться – всё это часть пути. Тяни-

тесь к знаниям, развивайте в себе ответственность и честность. Тогда работа станет не просто должностью, а внутренним смыслом. Тогда и служба будет приносить не только результат, но и вдохновение, – говорит главный специалист городской территориальной инспекции Ксения Анатольевна.

